

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 қарашадағы N 3223 өкімін жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 27 қаңтардағы N 103. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.19. N 857 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында Ұлттық лотереяларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 қарашадағы N 3223 өкімін орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасының Ұлттық лотереясы туралы ереже;

Қазақстан Республикасында Ұлттық лотереяларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Кеңес (бұдан әрі - Кеңес) туралы ереже бекітілсін.

2. Лотереяларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызмет түрлеріне лицензия алған ұйымдастырушылар - заңды және жеке тұлғалар 1997 жылдың 15 сәуіріне дейін өздерінің қызметтің осы түріне арналып бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін белгіленген тәртіппен бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп Кеңестің қатысуымен кейбір заң актілерінің тиісті лицензиясыз лотереялар өткізуден алынған табыстарды алып қою бөлігіне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасын әзірлесін;

үш ай мерзімде Қазақстан Республикасының аумағында лотереяларды ұйымдастыру мен өткізу саласында жасалған жұмыстар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп тапсырсын.

4. Мемлекеттік салық комитеті мен Кеден комитеті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесе отырып Кеңестің қатысуымен ұлттық лотереяларды ұйымдастыру мен өткізу жөнінде шешім қабылдануына байланысты "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 мамырдағы N 2235 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж, N 6, 43-құжат) және "Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы" 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж, N 13) Заң күші бар Жарлықтарына енгізілетін тиісті өзгерістер мен толықтырулардың жобасын әзірлесін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Кеңеске оның қызметін қамтамасыз ету мақсатында қажетті үй-жай беретін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігіне Кеңеспен бірлесіп ұлттық лотереяны кеңінен жарнамалауды ұйымдастыру ұсынылсын.

7. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер және өзге де орталық және жергілікті атқару органдары ұлттық лотереяларды таратуда қажетті жәрдем көрсетсін.

8. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат) 1-қосымшасына мынадай өзгерістер енгізілсін:

реттік нөмірі 18 және 27 жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Қазақстан Республикасының Республиканың барлық Үкіметі аумағында лотереяларды (мемлекеттіктен басқа)

ұйымдастыру және өткізу;

27. Облыстардың және Алматы Қоғамдық тамақтандыру каласының әкімдері пункттерінің қызметі

Бас тігулер мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу

Май құю станцияларын ұстау және пайдалану".

9. "Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік лотереяларды өткізу мен ұйымдастырудың тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 1 қарашадағы N 1344 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 27 қаңтардағы

N 103 қаулысымен

Бекітілген

**Қазақстан Республикасындағы Ұлттық лотерея туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Ұлттық лотерея - бұл мемлекеттік лотерея.

2. Жергілікті өкілді органдардың лотереялар өткізуінен алынатын кірістерден басқа, ұлттық лотереяларды өткізуден алынатын кірістер республикалық

бюджетке есептеледі. < * >

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.04.13. N 565 қаулысымен.

3. Заңды және жеке, оның ішінде шет елдік тұлғалардан тартылған каражаттар ұлттық лотереяларды өткізу көзі болып табылады.

4. Ұлттық лотереяларды өткізудің нақты шарттарын Кеңес бекітеді.

5. Ұлттық лотереяның міндетті деректемесі оның атауына "ұлттық" деген сөздің болуы.

6. Ұлттық лотереяны, компьютерлікті қоса, ұйымдастыру мен өткізу Қазақстан Республикасында ұлттық лотереяларды ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі Кеңестің немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруымен - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ерекше құқығы болып табылады.

7. Ұйымдастырушы-инвесторлармен ұлттық лотереяларды, компьютерлікті қоса, өткізу жөніндегі контрактілер тек қана тендерлік негізде жасалады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 27 қаңтардағы

N 103 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасында Ұлттық лотереяларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Кеңес туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында Ұлттық лотереяларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Кеңес (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасының аумағында ұлттық лотереяларды ұйымдастыру мен өткізуді жүзеге асырады, ұлттық лотереяны өткізетін ұйымдардың қызметіне бақылау жасайды, лотереяға қатысушылардың құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын камтамасыз етеді, Ақмола қаласының құрылысы мен дамыту жөніндегі шараларды қаржыландыруға, сондай-ақ Зейнетақы қорына арналған қосымша бюджеттен тыс каражаттар тартады.

2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін басшылыққа алады.

II. Кеңестің міндеттері мен функциялары

3. Ұлттық лотереяны өткізу саласындағы бірыңғай саясатты жүзеге асыру кезіндегі Кеңестің басты міндеті:

ұлттық лотереяны өткізуді ұйымдастыру;
ұлттық лотереяға қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
ұлттық лотереяны өткізуді өз құзыреті шегінде қамтамасыз ету болып
т а б ы л а д ы .

4. Жүктелген міндеттерге сәйкес Кеңес мынадай функцияларды атқарады:
лотереяларды өткізу мен ұйымдастыру саласындағы қатынастарды реттейтін
заңдар мен өзге де нормативтік актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады;
ұлттық лотереяны ұйымдастырады және өткізеді;

Қазақстан Республикасының аумағында ұлттық лотереяларды ұйымдастыру
мен өткізу бақылау жасайды;

Қазақстан Республикасының аумағында ұлттық лотереяларды өткізу жағдайы
мен дамытудың перспективасына талдау жасайды.

*Ескерту. 4-тармақтың 5,6-абзацтары алынып тасталды - ҚРҰ-нің
1998.12.23. N 1328 қаулысымен.*

III. Кеңестің құқықтары

5. Кеңес өзіне жүктелген міндеттер мен орындайтын функцияларына сәйкес
мынадай құқықтарға ие:

қажетті қаржыландыру мен ұлттық лотереяларды өткізу тәжірибесін алу
мақсатында тендерлік негізде лотереялар өткізуден әлемдік тәжірибесі бар
шетелдік әріптестер таңдауды жүзеге асырады;

ұлттық лотереяларды өткізуге қатысушылардың қызметін реттейтін
мәселелер жөнінде өз құзыреті шегінде шешім қабылдайды;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұлттық лотереяларды ұйымдастыру
және дамыту мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының заңдарына
қайшы келетін әрекеттерді тоқтату немесе актілерді жою туралы ұсыныс енгізеді
;

мемқаржыбақылау органдарынан бақылау жұмысының нәтижелері туралы өз
құзыреті шегінде мәліметтер сұратады;

басқа мемлекеттердің лотерея билеттерін Қазақстан Республикасының
аумағында тарату жағдайлары туралы құзыретті органдармен келіссөздер
ж ү р г і з е д і ;

ұлттық лотереяларды өткізудің нақты шарттарын бекітеді;
ұлттық лотереяларды өткізуден түскен кірісті Қазақстан Республикасының
Үкіметі айқындаған тәртіппен Ақмола қаласының құрылысы мен Зейнетақы
қорына бөлуді жүзеге асырады.

*Ескерту. 5-тармақтың 5,6-абзацтары алынып тасталды - ҚРҰ-нің
1998.12.23. N 1328 қаулысымен.*

IV. Кеңестің қызметін ұйымдастыру

6. Кеңестің Кеңеске жүктелген міндеттерді орындауға түгелдей толық өкілеттігі бар және жауапты төрағасы, екі орынбасары және алты Кеңес мүшесі болады. Кеңестің құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

7. Кеңестің ұлттық лотерея мәселелері жөніндегі шешімі Кеңес мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Шешім хаттама түрінде ресімделеді.

8. Кеңес өз қызметін қамтамасыз ету мақсатында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өз бақылауында болатын және оған есеп беретін атқарушы орган қ ұ р а а л а д ы .

Атқарушы органның басшысы Кеңестің құрамына белгіленген тәртіппен л а у а з ы м ы б о й ы н ш а к і р е а л а д ы .

9. Атқарушы орган, ол құрылған жағдайда, өз қызметін Кеңес бекіткен смета б о й ы н ш а ж ү з е г е а с ы р а д ы .

10. Кеңестің төрағасы:

Кеңес мүшелерінің өзара міндеттерін бөледі;

өз құзыреті шегінде Кеңес мүшелері, атқарушы органдар үшін міндетті болып табылатын шешімдер қабылдайды және олардың орындалуына бақылауды ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

мемлекет және Үкімет басшылығымен, орталық және жергілікті атқарушы органдармен, сондай-ақ шет елдік үкіметтік және өзге де ұйымдармен, заңды және жеке тұлғалармен қатысты Кеңес атынан шығады.

11. Кеңес мүшелері немесе атқарушы органның қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру кезінде қолданылып жүрген заңдарды басшылыққа алуға міндетті. Өз міндеттерін орындамағаны немесе немқұрайлы орындағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ж а у а п к е р ш і л і к т е б о л а д ы .

12. Кеңеске берілген немесе оған бекітілген мемлекеттік мүлікке иелік ету немесе пайдалану құқығы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

V. Тарату немесе қайта ұйымдастыру

13. Кеңесті тарату немесе қайта ұйымдастыру белгіленген тәртіппен ж ү р г і з і л е д і .